

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ СЕНАТЫ
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАР, ҚОРҒАНЫС ЖӘНЕ
ҚАУІПСІЗДІК КОМИТЕТІНІҢ КЕҢЕЙТІЛГЕН ОТЫРЫСЫ

2021 жылғы 23 ақпан

Отырысты Халықаралық қатынастар, қорғаныс және қауіпсіздік комитетінің төрағасы М.А. ҚҰЛ-МҰХАММЕД жүргізді.

ТӨРАҒА. Қайырлы таң, құрметті әріптестер! Бүгінгі отырыстың күн тәртібі сіздердің қолдарыңызда бар. Қарсы болмасаңыздар, жұмысымызға кірісейік.

Құрметті әріптестер мен бүгінгі отырысқа шақырылған лауазым иелері, бүгінгі күн тәртібінде бірнеше мәселе қаралады. Оның ішіндегі біріншісі – «Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы.

Бұл заң бойынша баяндама жасау үшін сөз Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің орынбасары Сыздықов Марат Зеникенұлына беріледі.

СЫЗДЫҚОВ М.З. Құрметті Мұхтар Абрарұлы, құрметті депутаттар! Бүгін сіздердің қарауларыңызға «Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңының жобасы енгізіліп отыр.

Заң жобасы Конституцияның 4-бабының 3-тармағына 2017 жылы енгізілген өзгерістерді жүзеге асыруға байланысты әзірленді. Атап айтқанда, заң жобасы қолданыстағы заңға мынадай нормалардың енгізілуін қамтамасыз етеді:

ратификацияланған халықаралық шарттардың республика заңдарының алдындағы басымдығы және олардың тікелей қолданылуы;

халықаралық шарттардың мәртебесінің өзгергені жөнінде жұртшылықты хабардар ету;

шарттарды тоқтату тәсілін кеңейтіп, заңдағы олқылықтарды жоюды қамтамасыз ету.

Сонымен қатар заң жобасы контрәріптестерінің Қазақстан Республикасының алдындағы алған міндеттемелерін орындамаған жағдайда шарттарды орындауды тоқтата тұру түріндегі жауап шаралар қабылдауын көздейді.

Таким образом, принятие законопроекта позволит обеспечить учет интересов Республики Казахстан во взаимоотношениях с государствами и международными организациями, не выполняющими взятые перед Республикой Казахстан обязательства.

На основании изложенного просим поддержать данный законопроект.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Марат Зеникенұлына қоятын сұрақтарыңыз бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Жаңа баяндамашы айтып өткендей, біздің комитет халықаралық комитет болғаннан кейін біз жиі-жиі Конституцияға, оның ішінде Конституцияның 4-бабына, атап айтар болсақ, 4-баптың 3-тармағына сілтеме жасаймыз. Бұл 3-тармақта бұрын бір-ақ сөйлем болған. Ол сөйлемде: «Қазақстан Республикасының Парламенті ратификациядан өткізген халықаралық шарттар отандық заңнаманың алдында басымдыққа ие» делінген. 2017 жылы біз Конституциямызға тиісті өзгеріс енгіздік, соның ішінде 3-тармаққа: «Бұл шарттардың орындалуы, тоқтатылуы арнайы заңмен қамтамасыз етіледі» деген тағы бір сөйлем қосылды. Міне содан бері төрт жыл уақыт өтті, Сыртқы істер министрлігі көп ойланып, толғанып, осы заңды дүниеге әкеліп отыр. Бір сөзбен айтқан кезде, бұл заң Конституция талаптарын орындаудан шығарылған заң. Мұндай заң бізге өте керек. Сұрақтардың болмау себебі сонда.

Ендеше қосымша баяндама жасау үшін сөз сенатор Нұржігітова Дана Өмірбайқызына беріледі.

НҰРЖІГІТОВА Д.Ө. Рақмет, Мұхтар Абрарұлы.

Қайырлы күн, қымбатты әріптестер! Қарауларыңызға енгізіліп отырған заң жобасы халықаралық шарттардағы тараптардың өз міндеттерін орындау немесе орындамау салдарынан туындаған жауапкершілік институты шеңберінде қаралатын қарсы шаралардың формаларын кеңейтуге және кейбір нормаларды қолданыстағы заңнамаға сәйкестендіруге бағытталып отыр. Атап айтқанда:

халықаралық шарттардың орындалуын тоқтата тұру немесе қолданысын тоқтату түрінде жауап шараларын, яғни қарсы шараларды қабылдау арқылы Қазақстан Республикасының алдында алған міндеттемелерді орындамайтын мемлекеттермен және халықаралық ұйымдармен өзара қарым-қатынастарда Қазақстанның мүдделерін ескеруді қамтамасыз етуге;

ратификацияланған халықаралық шарттардың Қазақстан Республикасының заңдарының алдындағы басымдығын белгілеуге;

халықаралық шарттар мәртебесіндегі өзгерістер туралы жұртшылықты хабардар етуге;

халықаралық шарттарды тоқтату тәртібін реттеу бөлігіндегі олқылықтарды жоюға мүмкіндік береді.

Заң жобасы бойынша екі жұмыс тобының отырысы өтті. Онда өзге комитеттердің, Аппарат бөлімдерінің ұсыныстары талқыланды. Жұмыс қорытындысы бойынша жобаны ескертусіз қолдауды ұсыну қажет деген шешімге келдік.

Осыған орай сіздерден заң жобасын қолдауды, Сенат отырысының қарауына шығаруды ұсынамын. Қолдауларыңызды сұраймын.

Назар қойып тыңдағандарыңызға көп рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Дана Өмірбайқызына қоятын сұрақтарыңыз бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Сенатор Нұржігітовадан бір ғана ұсыныс келіп түсті заң жобасын тұтастай мақұлдап, алдағы Сенаттың жалпы отырысының қарауына шығару жөнінде. Қолдайсыздар ма, әріптестер?

ОРНЫНАН. Қолдаймыз.

ТӨРАҒА. Ендеше аталған заң жобасы ешбір ескертулерсіз мақұлданып, алдағы 25 ақпанға жоспарланып отырған Сенаттың жалпы отырысына шығарылады.

Марат Зеникенұлы, сізге рақмет. Министрге дұғай-дұғай сәлем айтыңыз, біз ол кісіні 25 ақпанда жалпы отырыста күтеміз. Сау болыңыз.

Бірінші мәселе бойынша шақырылған лауазым иелерін байланыстан ағытуға болады.

Екінші мәселе – «Суға батып кеткен кемелерді жою туралы 2007 жылғы Найроби халықаралық конвенциясын ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы.

Баяндама жасау үшін сөз Қазақстан Республикасының Индустрия және инфрақұрылымдық даму вице-министрі Қамалиев Берік Сайлауұлына беріледі.

ҚАМАЛИЕВ Б.С. Сәлеметсіздер ме, құрметті Мұхтар Абрарұлы, құрметті сенатор мырзалар! Сіздердің қарауларыңызға «Суға батып кеткен кемелерді жою туралы 2007 жылғы Найроби халықаралық конвенциясын ратификациялау туралы» Заң жобасын ұсынып отырмыз.

Конвенция Халықаралық теңіз ұйымының аясында қабылданды. Бүгінгі күні конвенцияға 53 мемлекет қосылып отыр.

Конвенцияны ратификациялау:

біріншіден, қазақстандық суларға кіретін кеме иелерінің өз жауапкершілігін сақтандыру немесе суға батып кеткен кеме алып тастау үшін өз жауапкершілігін өзге де қаржылық қамтамасыз ету бойынша міндетін белгілейді;

екіншіден, кеме иесінің кеме көтеру және апат салдарын жою жөніндегі өз міндеттемелерін орындауда басқа мемлекетінің теңіз әкімшілігінен кепілдік алуға көмектеседі;

үшіншіден, кеме көтеру шығындарын өтеу туралы талапты кеме иесінің қатысуынсыз тікелей сақтандыру компаниясына қоюға мүмкіндік береді.

Құрметті депутаттар, конвенцияны бекіту қажеттілігі Каспийдегі кеме қозғалысы қарқындылығының өсуі нәтижесінде пайда болып отыр.

Бүгінгі күні біз Транскаспий халықаралық көлік дәлізін белсенді дамытып жатырмыз, жаңа теңіз желілерін ашуды жоспарлап отырмыз. 2025 жылға қарай жүк ағынының көлемін 10 миллион тоннаға дейін арттырамыз деп жоспарлап отырмыз.

Сонымен бірге ағымдағы жылы «Достық – Мойынты», «Алматы қаласын айналып өту» теміржол учаскелерін жаңғырту жобалары біздің

мақсатымызда бар. Осындай жағдайда Каспий теңізінің қазақстандық секторына кіретін кемелердің саны екі есеге дейін ұлғаяды. Сондықтан аталған шараларды енгізу теңіз аварияларының зардаптарын жою бойынша Қазақстанның мүдделерін қорғаудың қажетті құқықтық тетігін құрайтын болады.

Конвенцияны ратификациялау туралы заңды қабылдау қосымша бюджет қаражатын бөлуді қажет етпейді.

Қарауларыңызға енгізілген заң жобасын қолдауларыңызды сұраймыз.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Берік Сайлауұлына қоятын сұрақтар бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Мен бір сұрақ қойғым келіп отыр сізге. Үлкен теңіздерге, мұхиттарға Қазақстанның шығатын жолы жоқ, бірақ Каспий теңізі дейтін бес мемлекеттің маңдайына жазған үлкен бір теңіз бар. Осы теңіздің бойымен XX ғасырдың ортасында, Ұлы Отан соғысы кезінде Бакуден Астраханға дейін кеме қатынасы орнығып және ол жерден талай-талай мұнай өнімдері тасымалданды. Басқа да Иран жақтан келген өнімдер Баку арқылы келіп, сол жақтан тасымалданды. Соғыс жүріп жатқан кезде олардың біразы суға кетті, біз оны білеміз. Каспий теңізінің астында Ресей жағалауында да, Әзірбайжан жағалауында да біраз осындай суға батып кеткен кемелер бар. Біздің Ақтау мен Құрық жаңадан салынған порттар, дегенменен Қазақстан территориясының суларында түрлі апаттарға ұшыраған бірлі-жарлы ұсақ кемелердің де жатқанын біз білеміз. Мына конвенцияға біз енгеннен кейін Каспий теңізіндегі бес мемлекет өзінің секторальный бөлігін бөліп алып, осыларды тазалауға кірісе ме, жоқ сол күйінде қала бере ме?

ҚАМАЛИЕВ Б.С. Сұрағыңызға рақмет.

Қазіргі уақытта біздің Қазақстанның территориясында Совет өкіметі кезінен бері, жаңа айтып кеткеніңіздей, он шақты кеме жатыр. Бұл Кеңес Одағы кезінде батып кеткен кемелер. Біз 2015 – 2016 жылдары бұларды қалай көтеріміз, оның бағасы қандай болады деген мәселені көтеріп, есептеген болатынбыз. 4 миллиард теңгедей қаражат керек бізге. Бірақ енді қазіргі уақытта ондай үлкен қаражатты Үкімет бізге бере алмайды.

Олар бізге келетін кемелердің жүретін коридорында, трассасында жатқан жоқ. В целом они не создают угрозу для судоходства. Сондықтан да оларды көтеріміз деген біздің жоспарымыз жоқ.

Қазақстанның территориясында 2015 – 2016 жылдары екі кеме батып кеткен болатын. Біреуі Иранның «Тиба» деген сухогрузы, екіншісі Ресейдің «Аракс» танкері. «Аракс» кемесін 2018 жылы біз көтердік. Ал «Тиба» кемесін биылғы жылы қаражат болатын болса, оны да көтеріміз бе деген жоспарымыз бар.

Жаңағы 10 кеме Кеңес Одағы кезінде батқан кемелер. Оған 4 миллиардтай ақша керек, ол біздің жоспарымызда әзір жоқ.

ТӨРАҒА. Жақсы. 2015 жылы батып кеткен «Тиба» деген Иранның кемесін көтеру мәселесі қолға алынған кезде Иран жағы қаржылай, я болмаса технологиялық жағынан көмектесе ме, әлде ол түгелдей Қазақстанның мойнына түседі ме?

ҚАМАЛИЕВ Б.С. Иранның «Хазар Шипинг» компаниясы бізден астық тасиды, басқа да жүктерді тасиды, олармен бізде жақсы контакт бар. Шынын айту керек, Қазақстанда бұндай специализированная морская компания жоқ көтеретін. Ресейдің технологиясы бар, сондықтан да біздің жекеменшік компаниялар соларға шығып, олар бізге көмектеседі.

ТӨРАҒА. Жақсы, рақмет.

Қосымша баяндама жасау үшін сөз комитет мүшесі Сергей Михайлович Ершовқа беріледі.

ЕРШОВ С.М. Құрметті Мұхтар Абрарұлы, құрметті әріптестер! «Суға батып кеткен кемелерді жою туралы 2007 жылғы Найроби халықаралық конвенциясын ратификациялау туралы» Заң жобасы суға батқан кемелердің теңіз апатына ұшырауына әкеліп соққан салдарын жою кезінде Қазақстан Республикасының мүдделерін қорғауға бағытталған.

В настоящее время активно развивается Транскаспийский международный транспортный маршрут, открываются новые паромные и контейнерные линии с портами других Прикаспийских государств. В данных условиях ожидается увеличение количества судозаходов в казахстанский сектор Каспийского моря.

Ратификация конвенции обеспечит защиту экологической среды и безопасности мореплавания путем внедрения системы оперативного реагирования судовладельца, капитана морского порта и морской администрации порта, минимизирования ущерба при возникновении морской аварии, повлекшей за собой затопление судна.

Кроме того, ратификация конвенции позволит создать превентивный механизм для предотвращения аварийных ситуаций в казахстанском секторе Каспийского моря.

Также конвенция возлагает строгую ответственность на судовладельцев касательно страхования возмещения расходов, связанных с удалением затонувших судов.

Аталған заң жобасын біз жұмыс тобының отырысында жан-жақты талқыладық. Барлық сұрақтарға тиісті жауаптар алынды. Сенаттың тұрақты комитеттерінен заң жобасы бойынша ұсыныстар мен ескертпелер келіп түскен жоқ.

Құрметті әріптестер, баяндалғанды ескере отырып, осы заң жобасын қабылдауды және оны Қазақстан Республикасы Парламенті Сенаты жалпы отырысының қарауына енгізуді ұсынамын.

Я хочу обратить внимание, коллеги, вот нам представили такую карту. Наш сектор, о котором говорили, вот он. Причем, что интересно, в

конвенции говорится о том, что экономический сектор должен быть 200 миль, но в связи с тем, что Каспийское море маленькое, он меньше.

Вы посмотрите внимательно, здесь обозначена территория Казахстана, есть ограничение рыболовной зоны (15 миль), которая уходит еще чуть дальше (еще 10 миль), получается 25 миль от берега. Причем рыболовную зону будут контролировать наши пограничники. То есть она будет контролируемая.

Кстати, здесь обозначены все 10 судов, которые затонули. Действительно, 8 судов старые, нет хозяев, о них говорить не будем, а 2 суда проданы нашим организациям. Одно из них уже на металлолом порезано, а второе судно находится не на дне, а на острове, на мели. Дело в том, что оно уже продано нашим казахстанским предприятиям, сейчас его разрежут и отправят на металлолом.

Таких конвенций по морям около 40. Мы участвуем в 19. Одна из них эта, очень важная конвенция, очень нужная. Прошу поддержать.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет, Сергей Михайлович.

Құрметті әріптестер, сұрақтарыңыз бола ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Заң жобасын тұтастай мақұлдап, Сенаттың 11 наурызға жоспарланып отырған жалпы отырысына шығару жөнінде бір ғана ұсыныс келіп түсті. Қарсы емессіздер ме?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Комитет мүшелері түгелдей қолдап отыр. Заң жобасы мақұлданды және Сенаттың жалпы отырысына шақырылады.

Берік Сайлауұлы, сізге рақмет. Министрге сәлем айтыңыз, өзі келіп, баяндама жасайтын болады.

Тағы бір ескертіп қоятын нәрсе, осындай сұрақтар болуы мүмкін, өйткені Сенат – бұл региондардың Парламенті деп айтуға болады, барлық өңірден міндетті түре бізде екі депутаттан бар. Оның ішінде батыс өңірлерінен де. Олар міндетті түрде осы мәселені көтереді. Сондай кезде, жаңағы сіз айтқандай, 10 кеме жатыр, оның сегізінің иесі жоқ, екеуінің жағдай мынандай деген сияқты жауаптарды сақылдатып айту керек деп есептеймін.

ҚАМАЛИЕВ Б.С. Кеңестеріңізге рақмет. Министрге сәлеміңізді жеткіземіз. Сіздерді бүгін 23-ақпан мерекесімен құттықтаймыз. Бұл жерде Талғат Амангелдіұлы ағамыз отыр, мейрам құтты болсын, дендеріңіз сау болсын.

ТӨРАҒА. Ал енді Берік Сайлауұлы, сізге тағы бір айтатын нәрсе бар. Осы аптаның аяғында үлкен тыңдау өтейін деп жатыр. Біз министрдің шаруасының көп екендігін білеміз, негізгі баяндаманы сіз жасайтын боласыз. Шамамен бес минуттың ішінде қысқаша ғана болсын, одан кейін сұрақ-жауап түрінде жалғасатын болады. Әсіресе ең көп резонанс тудырған авиация саласындағы бірінен соң бірі катастрофалар болды. Олардың соңында қанша адамның кісі өлімі болды, әлі күнге дейін әлемде

мына пандемиядан кейінгі, после возобновления воздушных сообщений с разных концов света приходят различные новости, каждый день мы читаем тревожную информацию. Чтобы эта беда не постучала в нашу дверь, надо предпринимать все необходимые меры. Это первое.

Второе. В связи с окончанием пандемии открываются наши границы, прежде всего с Россией, с нашими южными соседями, где в разы увеличивается поток автомобильных сообщений. В таких случаях надо обратить внимание на безопасность автомобильного транспорта.

Біз Ақтөбедегі оқиғаларды білеміз, жанып кеткен автобустың ішінде қаншама адам болғандығын. Қыс аяқтала қойған жоқ, көктемде су тасқыны деген болады. Сондай мәселелерге баяндамаңызда назар аударуыңызды сұраймыз.

Сау-саламатта болыңыз, аманшылықта кездесейік.

ҚАМАЛИЕВ Б.С. Рақмет.

ТӨРАҒА. Үшінші мәселе «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне өнеркәсіптік қауіпсіздік, индустриялық аймақтар, жануарлар дүниесі, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, энергетика, табиғи монополиялар және ішкі істер органдары қызметкерлеріне тұрғын үй төлемдері мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде.

Баяндама жасау үшін сөз Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар вице-министрі Пішембаев Мереке Құдайбергеноұлына беріледі.

ПІШЕМБАЕВ М.Қ. Құрметті Мұхтар Абрарұлы, құрметті депутаттар! Заң жобасы Үкіметтің заң жобалау жұмыстарының 2019 жылға арналған жоспарына сәйкес әзірленді.

Жалпы, заң жобасы өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы заңнама нормаларын жетілдіру, қауіпті объектілерде өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік қадағалауды жүзеге асырудың тиімділігін арттыруға, өнеркәсіптік қауіпсіздік саласында жұмыс істеуге тартылатын аттестатталған және авариялық-құтқару жұмыстарын жүргізу бойынша қызмет көрсететін ұйымдардың қызметін реттеуге бағытталған.

Заң жобасын талқылау кезінде Мәжіліс депутаттары келесі түзетулерді енгізді:

өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы авариялық-құтқару қызметтерін аттестаттауды өткізу;

қауіпті өндірістік объектілерде жарылыс жұмыстарын жүргізу кезінде қолданылатын жарылғыш заттар мен олардың негізіндегі бұйымдарды қолдануға және есепке алуға талдау жүргізу.

Бұдан басқа қосымша түзетулер енгізілді, оларға Үкіметтің оң қорытындылары бар:

балық өсіру шаруашылықтарын дамыту, мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалары үшін мемлекеттік ұлттық табиғи парктер учаскелерін беру;

ерекше индустриялық аймақтың аумағында халықаралық құрылыс нормалары мен қағидаларын, сондай-ақ халықаралық, өңірлік стандарттар

мен шет мемлекеттердің стандарттарын тікелей қолдану мүмкіндігін беру арқылы Қазақстанның инвестициялық тартымдылығын күшейту;

табиғи монополиялар салаларында басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті органға магистральдық арналарды шаруашылықаралық және шаруашылықішілік арналармен сенімгерлік басқаруға беруді келісу бойынша өкілеттіктер беру;

электр энергиясын генерациялау үшін қайталама энергетикалық ресурстарды пайдалануды қолдау;

ішкі істер органдары қызметкерлерінің әскери қызметшілер ұқсастығы бойынша тұрғын үй төлемдерінің моделіне көшуін жүзеге асыру.

Заң жобасы қабылданған жағдайда теріс құқықтық және әлеуметтік-экономикалық әсері болжанбайды.

Назарларыңызға рақмет. Осы заңды қолдауларыңызды сұраймыз.

ТӨРАҒА. Құрметті әріптестер, баяндамашыға қоятын сұрақтарыңыз бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Бұл заң жобасы бойынша біздің комитеттің принципті позициясы болғанын сіздер жақсы білесіздер. Әрине Төтенше жағдайлар министрлігі көп жағдайда Үкімет коллегиялық орган болғандықтан кейде ұсыныстарының бәрін өткізе алмайды, өйткені бәрі қаражатқа келіп тіреледі. При всем желании со стороны Министерства по чрезвычайным ситуациям они не смогли провести две принципиальные позиции по жилищному обеспечению сотрудников этих органов в случае смерти и ранения.

В связи с этим со стороны нашего комитета были внесены две принципиальные поправки, которые были направлены в Правительство. Правительство очень долго, почти в течение месяца, рассматривало, потому что это связано с бюджетными средствами, причем не в одноразовом порядке. То есть данный вопрос может возникать каждый год.

Было принято положительное решение. Буквально на днях я получил соответствующее заключение Правительства. Мы сегодня с удовольствием рассматриваем данный законопроект. Две внесенные нами поправки полностью включены в законопроект, они существенно его улучшают в пользу сотрудников вашего министерства, господин Пшембаев.

Қосымша сұрақтарыңыз бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Онда қосымша баяндама жасау үшін сенатор Сергей Михайлович Ершовқа беріледі.

ЕРШОВ С.М. Құрметті Мұхтар Абрарұлы, құрметті әріптестер! «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне өнеркәсіптік қауіпсіздік, индустриялық аймақтар, жануарлар дүниесі, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, энергетика, табиғи монополиялар және ішкі

істер органдары қызметкерлеріне тұрғын үй төлемдері мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы өнеркәсіптік қауіпсіздік, индустриялық аймақтар, жануарлар дүниесі, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, энергетика, табиғи монополиялар және тұрғын үй қатынастары саласындағы заңнамалық актілерін одан әрі жетілдіруге бағытталған.

Төтенше жағдайлар вице-министрі Мереке Құдайбергелұлы өз баяндамасында қаралып жатқан заң жобасының мақсаттары мен міндеттері туралы толық баяндап берді. Қайталауының қажеті жоқ деп ойлаймын. Осы ретте келесіні атап өткім келеді.

Законопроект значительно дополнен и претерпел изменения при рассмотрении в Мажилисе Парламента. Таким образом, вносятся поправки в 11 законов.

По законопроекту проведено два заседания рабочей группы с участием инициатора законопроекта, представителей заинтересованных государственных органов, Национальной палаты предпринимателей «Атамекен» и профессионального объединения аккредитованных экспертных организаций «Палата экспертных организаций». Подробно обсуждены все положения законопроекта. На все поставленные вопросы получены ответы.

Постоянные комитеты Сената замечаний и предложений по законопроекту не имеют.

Принятие законопроекта будет способствовать повышению эффективности действующей системы обеспечения промышленной безопасности и уровня производственного контроля, также позволит разграничить полномочия государственных органов в данной сфере и усилить меры государственного надзора.

Наряду с этим принятие законопроекта благоприятно скажется на привлечении инвестиций путем создания и функционирования особых индустриальных зон, развития туристической рекреационной деятельности, росте промышленного рыболовства и увеличении числа рыболовных хозяйств, в дальнейшем распространении энерго- и ресурсосбережений.

Также хотелось отметить, что законопроект содержит положения, направленные на применение новой системы обеспечения жильем некоторых категорий сотрудников органов внутренних дел.

Я хотел бы дать пояснение. Сотрудников органов внутренних дел порядка 80 тысяч, из них 30 тысяч должны получить квартиры, то есть нуждаются в жилье. Сейчас 23 тысячи, которые будут получать квартиры таким образом, как мы решали раньше. Сделана очень хорошая вещь. Если сейчас приходишь работать в органы внутренних дел, то получаешь служебную квартиру на время, пока служишь, или получаешь ежемесячную компенсацию. Теперь же решено, что эту компенсацию человек будет платить в банк, банк выделяет кредит, человек покупает

жилье или строит. Это очень хорошо. То есть когда он заканчивает службу, получает жилье, как это у военнослужащих.

Но здесь была пропущена одна норма, о которой говорил Мухтар Абрарулы. Что имелось в виду? Когда мы задали вопрос по тем, кто погиб при исполнении служебных обязанностей, а их 800 человек, кто получил ранения, что будет с ними, ответ был такой: оказывается, их просто выбрасывают. Это очень нехорошая норма. Мы предложили эти нормы включить. Очень долго рассматривали, Правительство приняло решение.

Есть таблица, давайте посмотрим ее.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сұрақтарыңыз бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Құрметті әріптестер, заң жобасын қолдап, Сенат жалпы отырысына шығару жөнінде бір ұсыныс келіп түсті. Қолдаймыз.

Я хотел бы узнать позицию Министерства внутренних дел. Я вижу генерала Калайчиди. Вы не возражаете против таких поправок?

КАЛАЙЧИДИ А.Д. Уважаемый Мухтар Абрарулы, уважаемые сенаторы! Мы вам очень признательны за то, что вы все наши недочеты на финальной стадии исправили. Я думаю, что вам будут благодарны все наши сотрудники, которые в курсе тех изменений, которые вы вносите. Мы до всех довели. Хочу выразить вам свою благодарность.

ТӨРАҒА. Спасибо.

Я вижу людей в погонах, которые в советское время приняли присягу, это офицеры Советской Армии. Всех поздравляю с праздником!

Молодых, которые присягнули перед Республикой Казахстан, поздравим в мае. Впереди у нас много приятных праздников.

Сонымен мәселе Сенаттың 4 наурыздағы отырысына шығарылады. Сенатта министр баяндама жасау керек.

Сау болыңыздар. Комитеттің кеңітілген отырысын жабық деп жариялаймын.

ОТЫРЫСТЫҢ СОҢЫ.

Халықаралық қатынастар, қорғаныс
және қауіпсіздік комитетінің төрағасы

М. Құл-Мұхаммед

ШЖҚ-дағы «Материалдық-техникалық
қамтамасыз ету басқармасының инженерлік
орталығы» РМК директоры

А. Құсайынов

ОРЫНДАҒАН:

Стенографиялау қызметінің
жетекші редакторы

И. Шыныбаева